

**«6D061100 – Физика және астрономия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Амантаева Айнаш Ерланқызының «Минимум орбиталық период маңынан өткен катализмдік айнымалылардың акрециялық дисктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

**СЫН-ПІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен каржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);  2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)  3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	A. Е. Амантаеваның диссертациялық жұмысы ғылымның дамуының басым бағыттарына және Қазақстан Республикасының «Физика және астрономия» саласындағы мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес келеді.  Диссертациялық жұмыс КР БФМ FK "Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру" іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарларына сәйкес "АР08856419 - Тығыз қос жұлдызды жүйелердегі акрецияның бақылау көріністерін компьютерлік модельдеу әдістерімен талдау" тақырыбы бойынша орындалды.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс нәтижелері «bounce-back» жүйелерінде орын алатын физикалық процестерді түсіндіруге, осы объектілердегі бақылау көріністерін сипаттауға, төменгі масса тасымалдау қарқыныңда орын алатын күшті жарқ етулер болатын объектілерді зерттеуде, акрециялық диске спиралды толқындардың пайда болу ерекшеліктері мен асимметриялық пішінің түсіндіруге айтартылған үлес қосады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертант ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде дербестіктің жоғары деңгейін көрсетті, өйткені ол жұмыстың барлық циклін өтті: әдебиеттерге шолу жасау, жұмыстың теориялық негізін түсіндіру, оларды талдаудың бақылау әдістерін сипаттау, тиісті қорытындылармен бақылау деректерін түсіндіру. Мұның бәрі диссертацияның тарауларында көрсетілген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияда таңдалған зерттеу бағытының өзектілігі жеткілікті жоғары деңгейде дәлелденген, ол, атап өткенде, кіріспедегі кеңейтілген сипаттамада, сондай-ақ зерттеудің қазіргі жағдайына арналған бірінші тарауда көрсетілген. катализмдік айнымалы жұлдыздар және оларды

			<p>зерттеу әдістемесі. Объектілердің барлық класынан катализмдік айнымалылардың минимум орбиталық период маңынан өткен жүйелерді таңдаудың толық негізделген сипаттамасы берілген.</p>
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындаамайды		<p>Диссертацияның мазмұны таңдалған зерттеу тақырыбын толығымен көрсетеді, өйткені кіріспе мен зерттеудің қазіргі жағдайын сипаттаудан басқа, «bounce-back» жүйелеріндегі акрециялық дисктердің құрылымын кешенді зерттеу үшін қолданылатын әдістер мен құралдардың толық сипаттамасы бар.</p>
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді		<p>Диссертацияның тақырыбы диссертацияның мақсатында көрсетілген минимум орбиталық период маңынан өткен катализмдік айнымалылардың тыныштық күйіндегі акрециялық дисктің құрылымын кешенді зерттеуге арналған.</p> <p>Мұндай зерттеулердің дәйектілігі зерттеу міндеттерінде толығымен көрінеді: жаңа фотометриялық және спектрлік бақылаулар алу, мәліметтерді өндеу, іргелі параметрлерді анықтау, әртүрлі заманауи зерттеу әдістерін қолдану арқылы диск құрылымын зерттеу.</p>
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жок		<p>Диссертация теориялық алғышарттар мен гипотезалардан (теориялардан) деректерді алуға, содан кейін оларды талдауға және қорытынды нәтижелермен түсіндіруге дейінгі зерттеулердің жүргізуіндегі логикалық байланысты дәйектілігіне құрылған.</p> <p>Диссертациялық жұмыс алдымен зерттеу объектісі бойынша әдебиеттерге шолу жасау, содан кейін бақылау процестерін сипаттайтын және жүйенің параметрлерін анықтау үшін өндеу мен модельдеудің әртүрлі әдістерін қолданады, акрециялық дисктің құрылымын талдау нәтижелерін ұсынады. Алынған негізгі нәтижелер қорытындыда қысқаша көрсетілген.</p>
5.	Фылыми жаңашылдық принципі	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) съини талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	<p>Алынған бақылау деректерін интерпретациялау На эмиссиялық сывығы үшін құрылған Допплерлік томографияның және CVLab компьютерлік кодымен континуумдағы сәулеленуге сәйкес келетін V сүзгісінде алынған жалтырау қисығын модельдеумен біркітіру арқылы дәлелденеді.</p> <p>Сонымен қатар Допплерлік томография мен фотометриялық модельдің үйлесімділігі негізінде алынған нәтижелер акрециялық дисктің спиральды құрылымын көрсетеді.</p>
	5.1 Фылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);		<p>Алынған нәтижелер мен қорытындылардың жаңалығы негізінен таңдалған EZ Lyn объектісі бойынша жаңа бақылау деректерімен байланысты. Сонымен қатар, GAIA ғарыш телескобынан жүйеге дейінгі қашықтықтардың заманауи мәндерін пайдалануды қоса алғанда, осы жүйе үшін іргелі параметрлердің жаңа мәндері алынды. Сондай-ақ</p>

	<p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	аккрециялық дискте континуум жүйенің сыртқы аймақтарында, ал эмиссиялық сывықтар дисктің барлық көлемінде түзілетіні алғаш рет анықталды. Сонымен қатар, модельдеу нәтижесінде жүйенің радиусы тыныштық күйінде де, жүйенің жарқ ету кезінде де өзгермейтіні анықталды. Барлық алынған нәтижелер жаңа.	
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	Диссертацияда аккрециялық дисктің құрылымы туралы негізгі гипотезалар мен теорияларды растаумен қатар, аккрециялық дисктің құрылымы туралы фотометриялық және спектрлік мәліметтер негізінде түжіримдар жасалды: спиралды толқындардың болуы, асимметриялық пішіні, сонымен қатар радиус тасу шекті радиусына дейін жететіні көрсетілген. EZ Lyn жүйесіндегі континуум аккрециялық дисктің сыртқы аймағында қалыптасады, ал Бальмер эмиссиялық сывығының қалыптасу аймағы дисктің бүкіл аймағын қамтиды.	
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	Бұл жұмыста ұсынылған техникалық шешімдердің жаңалығы GAIA ғарыштық телескобынан жүйеге дейінгі қашықтықты пайдалана отырып, жалтырау қисықтарын модельдеу үшін «CVLab» бірегей компьютерлік кодты қолданумен анықталады.	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындыларғының түрлерінде қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</b>	Жұмыстағы негізгі қорытындылар бойынша негізділік зерттелетін EZ Lyn жүйесінің спектрлік бақылау мәліметтерінен эмиссиялық сывықтардың орташа профильдерін модельдеумен модельдеу нәтижелері бойынша негізгі параметрлерінің мәндері (массасы, тиімді температура және тб) расталады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұраптарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p>	Диссертацияда қорғауга ұсынылған үш негізгі түжірим көлтірілген: 1. GAIA ғарыш телескобынан алынған қашықтыққа сүйене отырып оптикалық фотометриялық мәліметтерді модельдеуден EZ Lyn жүйесінің негізгі параметрлері анықталды: ак ергежейлінің массасы $M_{wd} = 0.85 \pm 0.01 M_{\odot}$ , оның тиімді температурасы $T_{\text{эфф}} = 11250 \pm 50$ K, қоныр ергежейлінің температурасы $T_{\text{эфф}} \leq 1900^{+400}_{-1000}$ K, қоныр ергежейлінің массасы $M_{bd} = 0.042 \pm 0.014 M_{\odot}$ , масса тасымалдау қарқыны $\dot{M} \approx 0.3 - 3.0 \times 10^{-12} M_{\odot}/жыл$ , бақылаушыға қатысты жүйе жазықтығының еңкею бұрышы $79.0 \pm 0.2$ , сондай-ақ донор жұлдыздың тасу әсерінен шектелген максимум мүмкін радиусы ( $R_{\text{out}} = 0.35 R_{\odot}$ ) аккрециялық дисктің радиусына тең.

		<p>2) жок</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Макалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жок</p>	<p>7.1 дәлелденді</p> <p>7.2 жок</p> <p>7.3 иә</p> <p>7.4 кең</p> <p>7.5 иә</p> <p>2. На эмиссиялық сызығының фаза бойынша ажыратылған спектрлері және фотометрия деректері негізінде құрастырылған Допплерлік томографиясының бірлескен талдауы EZ Lyn жүйесіндегі акреция дисктің күрделі құрылымды екенін көрсетеді: диск пішіні асимметриялы, жалтырау қисығының бақыланатын екі дөңесті пішінімен сипатталатын спиральды тығыздықты тармақтар бар.</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>7.2 жок</p> <p>7.3 иә</p> <p>7.4 кең</p> <p>7.5 иә</p> <p>3. EZ Lyn жүйесінде Бальмер эмиссиялық сызыктарының қалыптасу аймағы ақ ергежейлінің бетінен акрециялық дисктің сыртқы радиусына дейін бүкіл аймақты қамтиды, ал оптикалық континуум (радиусы <math>R_{in} &gt; 0.2R_o</math>) сыртқы бөліктерінде қалыптасады.</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>7.2 жок</p> <p>7.3 иә</p> <p>7.4 кең</p> <p>7.5 иә</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жок</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жок</p>	<p>Диссертацияда әдістеме өте егжей-тегжейлі сипатталған. Негізгі жұмыстың басым бөлігі осыған арналған. Сипаттама 2,3,4 тарауларда берілген.</p> <p>Жұмыстың барлық нәтижелері заманауи жабдықтарда жүргізілген бақылау деректері негізінде алынған. Деректерді алдын ала өндеу халықаралық астрономиялық қауымдастық стандартты және сенімді деп таныған кәсіби бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану арқылы орындалды. Жұмыстағы негізгі тұжырымдар зерттеу саласында жоғары беделге ие диссертацияның шетелдік ғылыми жетекшісі әзірлеген заманауи әдістер мен алгоритмдерді қолдану нәтижелері бойынша алынды, олардың нәтижелері бірнеше рет жоғары рейтингті журналдарда</p>

			жарияланды.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жок	Диссертацияда алғынған теориялық тұжырымдар модельдерде есептелген параметрлер мен жүйелердің сипаттамаларының осы параметрлердің бақыланатын мәндерімен жақсы сәйкестігімен расталады.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара <b>расталған</b> / <b>расталмаған</b>	Диссертациядағы мақалаларға сілтемелер саны 138. Пайдаланылған барлық дереккөздер жоғары референтті басылымдарда жарияланған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга <b>жеткілікті</b> /жеткіліксіз	Диссертациядағы әдебиеттерге шолу 72-ден астам сілтемелермен берілген. Сонымен қатар, диссертацияда Әдебиет шолуының қысқаша мазмұнына арналған жеке бөлім бар.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жок	Жұмыс астрофизикадағы іргелі зерттеулерге арналғандықтан, оның нәтижелерін практикалық қолдану (өндірісте) тұрғысынан бағалау мүлде дұрыс емес. Диссертацияның жұлдыздар эволюциясын теориялық зерттеулерде, аккрециялық процестерінің физикасында, бақылаулар нәтижелерін талдау мен интерпретациялау әдістерін жасауда және модельдеуде үлкен маңызы бар.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алғынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жок	Диссертацияның кейбір нәтижелері іс жүзінде қолданылады. Яғни, Допплерлік томография әдісі, компьютерлік кодпен жүйенін іргелі параметрлерін анықтау әдісітерін жатқызуға болады. Оның идеялары тиісті теориялық негіздемемен және қажетті модельдерді қолдана отырып, басқа зерттеу объектілерін талдау үшін қолданыла алады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <b>толығымен жаңа</b> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыс тәжірибесіне арналған идеялар мен ұсыныстар «bounce-back» жүйелеріне үміткер жұлдыздардың физикалық жағдайларын түсінуде, оларды зерттеуде қолданыс таппак.

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертация жалпыға бірдей танылған анықтамалар мен аббревиатураларды сақтай отырып, өте жақсы, түсінікті тілде жазылған. Мәтін дәйекті және өздігінен баяндалады.
-----	---------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

**Ресми рецензенттің шешімі:** А.Е. Амантаеваның «Минимум орбиталық период маңынан өткен катаклизмдік айнымалылардың аккрециялық дисктері» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысы өте жоғары ғылыми деңгейде орындалған, сипатталған нәтижелер Қазақстан Республикасы Фылым және жоғары білім министрлігі Білім және фылым сапасын қамтамасыз ету комитетінің философия докторы ғылыми дәрежесін беру ережелерінің талаптарына сәйкес келеді, және оның авторы Амантаева А.Е. «6B061100 – Физика және астрономия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайықты.

**Ресми рецензент:**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Жалпы және теориялық физика кафедрасының профессоры, PhD

Мырзакұл Ш. Р.

